



**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы**

**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ,
СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН» студенттердің
IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical
conference of students
MATERIALS**

Астана, 2023

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ

EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY NAMED BY L.N. GUMILEV
FACULTY OF PHILOLOGY
DEPARTMENT OF KAZAKH LANGUAGE EDUCATION



**«ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ, СТИЛИСТИКА, КӨРКЕМ МӘТІН»
студенттердің IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**«THEORY OF LANGUAGE AND LITERATURE,
STYLISTICS, FINE TEXT»
IV international scientific-theoretical conference of students
MATERIALS**

Астана қаласы, 2023

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3
С37

*Баспаға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультеті
Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Редакция алқасын басқарған: Бейсенбай А.Б.
Редакция алқасы: Маликов Қ.Т.
Саркенова Қ.Қ.
Өмірбекова Ж.Қ.

С37

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор М.С.Серғалиевтің 85 жылдығына орай «Серғалиев сабақтары – 2023» аясында өткізілген студенттердің «Тіл мен әдебиет теориясы, стилистика, көркем мәтін» атты IV халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, – 139 б. 2023.

ISBN 978-601-337-820-6

Конференция материалдарының жинағына академик М.С. Серғалиев еңбектерінің контексі, тіл мен ұлт, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, дискурс, контекст, тіл мәдениеті, көркем мәтін, тілдің құрылымдық, семантикалық және функционалдық мәселелері бойынша мақалалар енгізіліп отыр.

Жинақ филология факультетінің білім алушыларына арналады.

ISBN 978-601-337-820-6

ӘОЖ 80/81+821.0
ББК 81.2+83.3

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2023

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОЙ-ПІКІРІНІҢ БҮГІНГІ КҮНГІ МАҢЫЗЫ

Қадырқұлова Ж.Е.

Zhanelya.kadyrkulova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті, 5В011700 «Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қапантайқызы Ш.

Аңдатпа. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы, Р.Әмірдің ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде айтқан әдістемелік ой пікірлерінің ХХІ ғасырдағы жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруде өзінің өзектілігімен құнды екені сараланды. Ғалымдардың ой-пікірлерінің ұлттық руханиятпен тығыз байланыстылығымен алға шыққаны, өміршеңдігі мәселелері жан-жақты зерделенді. Бүгінгі заман талабына сай кең қолданыс тапқан жаңа оқыту технологияларының негізі ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алатыны талданды. Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі әдістеме заңдылықтары мен ұстанымдары ашылды.

Аннотация. В статье отмечено, что методологические идеи, высказанные Ахметом Байтұрсынұлы, Р.Амиром в первой четверти 20 века, ценны своей актуальностью в образовании по содержанию актуализируемых знаний в 21 веке. Детально исследованы проблемы идей ученых, выдвинутых в силу их тесной связи с национальной духовностью, их жизнеспособности. Проанализировано, что основа новых технологий обучения, которые широко используются в соответствии с требованиями сегодняшнего дня, берет свое начало в работах А.Байтұрсынұлы начала ХХ века. Выявлены методологические принципы и позиции в научных работах ученого.

Annotation. The article notes that the methodological ideas expressed by Ahmet Baitursynuly, R. Amir in the first quarter of the 20th century are valuable for their relevance in education in terms of the content of updated knowledge in the 21st century. The problems of the ideas of scientists put forward due to their close connection with national spirituality and their viability are studied in detail. It is analyzed that the basis of new teaching technologies, which are widely used in accordance with the requirements of today, originates in the works of A. Baitursynuly at the beginning of the 20th century. The methodological principles and positions in the scientific works of the scientist are revealed.

Бүгінгі ХХІ ғасыр – жаһандық жаңалықтарға толы ғасыр ғана емес, сонымен қатар білімнің шарықтаған дәуірі. Бүгінгі күнде білім мен ғылым кез келген мемлекеттің тұрақты қарқындап дамуында, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көтеруде, елдің әлемдік деңгейдегі орнын айқындауда маңызды рөл атқарады. Ғылым салаларының негізін қалауда ұлттық дәстүрлерді әлемдік өркениет үрдістерімен үйлестіріп, оларды асқан білгірлікпен ұштастырған Алаш ағартушыларының ғылыми-әдістемелік мұраларының ұлттық тәрбие мен құндылықтарымызды насихаттауда, ұрпақ бойына сіңіруде, еліміздің білім беру жүйесіндегі оң өзгерістері тұсында орны өлшеусіз. ХХ ғасырдың басы – қазақ ғылымының өсіп-өркендеп, өзіне дейінгі және өз заманындағы оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ілім мен білімді игере отырып, алға қадам басқан кезеңі. Осы тұста ұлт мүддесі жолында аянбай еңбек еткен алаш ағартушыларының әдістемелік мұралары- өскелең ұрпақты оқыту жолындағы құнды еңбектер. Дамыған отыз елдің қатарына еніп, білім мен ғылым жолында алға шығуды мақсат тұтқан

тәуелсіз еліміздің болашағы жас ұрпақты бәсекеге қабілетті, ұлттық бірегейлікті сақтайтын, сана-сезімі жоғары, рухани танымы жетілген жеке тұлға етіп қалыптастыруда ХХ ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт зиялыларының педагогикалық мұраларының бүгінгі күнгі маңызы зор.

Елімізде реформаға жиі ұшырайтын саланың бірі – білім беру саласы. Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде білім беру мазмұны жаңарып, оқытудың парадигмасы да өзгерді. Қазақ тілі оқулықтары бұған дейінгі оқулықтар секілді емес, мүлдем өзге мазмұнда оқытылып жүр. Өкінішке орай, бүгінгі күнгі оқытылып жүрген жаңартылған білім мазмұнында кемшілік көп. Осы ретте, ХХ ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт зиялыларының педагогикалық мұраларын басшылыққа алу, оларды жаңғырту мәселесін қолға алу қажеттілігі алға шығады. Қазақ тілінің ғылыми жүйесін негіздеп, қазақ тілі мен қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі секілді іргелі ғылымдардың негізін қалаған Ахмет Байтұрсынов грамматиканы үйретуде белгілі сатылы-сабақтастық жүйемен оқытуды өз әдістемесінде көрсеткен. Әдебиеттанушы ғалым Ө.Әбдиманұлы: «Ахмет Байтұрсынұлы ұлттың рухани ұстазы ретіндегі ұлт руханиятына қосқан аса зор үлесі ғылыми ізденістері болып табылады. Туған халқын өркениетке жетелемек ұлы мақсаттарға оқусыз, білімсіз қол жеткізуге болмайтындығы белгілі. Ал оқып, білім алу үшін халқымыздың өзіндік жазуы, қажетті оқу құралдары, ұлттық мектептері болуы керек. Ахаң «Алла!» деп ағартудың ақ жолына түскен сәтте мұның көбі жоқ болатын. Оларды жолға қою Аханды бәрінен бұрын ана тіліміздің мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне көтеруге ден қойғызған. Өйткені тіл барлық істің бастауы екендігін, онсыз ешбір білім, ғылымның дамуы мүмкін еместігін ұлы ұстаз жақсы түсінді, жете білді», – деп, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының ағартушылық жолдағы басты мақсатын айқындап көрсетеді [1]. А.Байтұрсынұлының «Тіл құралын» алып қарайтын болсақ, бірінші тіл танытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914-1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1923) деп сатылы берген. «1-ші жылы оқытылатын бөлім тілдің негізі болғандықтан, оқытушылар алғашқы жылы балаларға хариіпті нық үйретулері керек. Бірінші оқулықта әріптер, буындар, әріп туралы ережелер, *қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалары оқытылса, жеткілікті*. Оқулықтың тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай оқыту тәсілі сатылана қолданылып, кітаптың екінші, үшінші жалғасы жазылды» деп, осы «Тіл құралды» не себепті әр сыныпқа жеке-жеке жазылғандығын айтады [2].

Бүгінгі орта білім беру жүйесінде қолданыста жүрген Жаңартылған білім беру бағдарламасында ана тілінің мазмұны лексикалық тақырыптар арқылы берілген де, теориялық материалдар сол тақырыптарға жапсырма ретінде «тілдік бағдар» деген бөлікте ғана, оның өзінде де шашырай берілген [3]. Мәселен, орфографияға қатысты тақырып 5-сыныпта да, 10-сыныпта да бар. Не болмаса, бүгін шылауды өтсе, ертең екпінді өтеді. Мәселен, қазіргі білім беру мазмұнын талдап қарайтын болсақ, лексикалық тақырыптар мен грамматиканың бағдарламада қамтылу деңгейі 1-кестеде ұсынылады.

1-кесте. Лексикалық тақырыптар мен грамматиканың жаңартылған бағдарламада қамтылуы

Сынып	Бөлім тақырыптары	Грамматикалық материал
5	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі.	Сөз және оның мағынасы Омоним, антоним, синоним
6	Астана – мәдениет пен өнер ордасы. Тарихи тұлғалар.	Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер

		Көнерген, эвфемизм, дисфемизм, табу
7	Денсаулық – зор байлық	Қанатты сөздер. Фразеологизм. Мақал-мәтелдер
8	Астана – мәдениет пен өнер ордасы.	Неологизм сөздер. Термин сөздер. Диалект сөздер. Кәсіби сөздер
9	Кәсіп пен еңбек. Болашақ мамандықтары.	Сөздік қор. Сөздік құрам

Кестеде байғанмыздай, грамматикалық материалдарды оқыту өте шашыраңқы. Бұлай оқыту «Нәрсенің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйретуден бас тартып, алған білімі өзіне де, мемлекетке де пайдалы болатынын көздеп оқыту керек!» – деген Ахмет Байтұрсыновтың сөзіне қарама қайшы, яғни «Қазақ тілі» пәні тілдің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде оқытыла бастағанына дәлел болып отыр [4]. «Қазақ тілі» пәнін оқытуда лингвистикалық білім беру көлеңкеде қалып, мәтінтану мәселесі әрі тілді оқытудан гөрі тілді үйрету басым болып отырғанын осыдан-ақ байқауға болады. Егер болашақ ұрпақтың сауатты болуын қаласақ, математикадағы қосу, алу, көбейту, бөлуден бастап есептеу амалдарын үйретуі, биологиядағы жасушадан бастап тірі организмдерді танытуы секілді қазақ тілінде де белгілі жүйемен, сатылы түрде грамматиканы оқытуымыз қажет.

Қазіргі әдістеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекетінің төрт түрі арқылы меңгертуді қолданып жүргендігі мәлім. Бұл мәселе ХХ ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт зиялыларының педагогикалық мұраларында да кездеседі. Дегенмен, алаш зиялыларының сөйлеу әрекеттерін тіл оқытуда қолданылуы қазіргі білім беруде қолдануынан ерекше. Р.Әмір мәтінді дұрыс оқуға көп көңіл бөледі: «Оқушы қандай болмасын тексті дұрыс оқуға дағдыланбайынша, оның білімдік және тәрбиелік мәнін де жете меңгере алмайды. Сондықтан тексті оқығанда оқушының әрбір сөзді дұрыс айтуын қадағалап отыру керек. Оқушының шығарманы я тексті қатесіз оқуы деген сөз: 1) Оқып отырғанда сөз ішінен әріпті, жеке буынды, не сөзді қалдырып кетпей оқуы; 2) кейбір буынды не жеке сөзді қайталап оқымауы; 3) кейбір дыбыстардың, сөздердің орнын ауыстырмай, сөзді бұзбай оқуы; 4) орфоэпиялық талаптар тұрғысынан қате жібермей оқуы; 5) текстегі сөздердің мағынасына қарай, лайықты дауыс ырғағын, интонациясын сақтап оқуы», – дейді [5]. Бұл талаптардан тіл оқытуда оқылымның қаншалықты маңызды екенін аңғара аламыз. Ал жаңартылған білім мазмұнында оқылымның мақсаттарына мыналарды берген: ақпаратты түсіну; мәтіннің стильдік ерекшелігін тану; мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату; мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу; мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау; оқылым стратегияларын қолдану; әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу. Бұл мақсаттардан тіл оқыту мен тіл үйретудегі маңызын тану қиынға соғады. Жаңартылған білім беру бағдарламасында тыңдалым мен айтылымды бірге беріп, олар мынадай бөлімшеден тұрады деп көрсеткен: болжау; әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау; мәтіннен ақпаратты анықтау; негізгі ойды анықтау; тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау; б) сөйлеу мәдениетін дамыту.

Осы тұста Ахмет Байтұрсыновтың мынадай пікіріне назар аударайық: «Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтады. Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» [6]. Айтылым туралы сөз қозғаған кезде, ең

алдымен орфоэпиялық норманы басшылыққа алып, дыбысқа мән беруіміз керектігін айтады. Бұл тұста да алаш зиялыларының әдістемесі өзекті болып отыр.

Қорытындылай келе айтарымыз, ХХ ғасыр басындағы әдістемелік еңбектер мен ұлт зиялыларының педагогикалық мұраларын қайта жаңғыртып, басшылыққа алуымыз қажет. Бүгінде ұстаздар қауымы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен жаһандану кезеңінде жас ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарды жойып алмау мақсатында алаш зиялыларының әдістемесін өз тәжірибелерінде қолданар болса, жаңа заманның білімді ұрпақтарын тәрбиелеп шығар еді. Әлемдегі бар мемлекеттің өсіп өркендеуінің, кәсіби тұрғыдан бәсекеге қабілетті болуының, жаһандану жағдайында ұлттық құндылықты білім алушылардың бойына сіңірудің ең басты негізі ұстаз берген біліммен бағаланады. Сол себепті Алаш зиялыларының бізге мұра етіп қалдырған ой-тұжырымын басшылыққа алып, бүгінгі заман талабына үйлестіре, шығармашылықпен еңбек ету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдиманұлы Ө. Шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2016. – 400 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
4. Қай әдіс жақсы. А.Байтұрсынұлы. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /Құрастырған. Р.Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Әмір Р., Бозжанова К. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту. — Алматы: Мектеп, 1964. – 88 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосай Ж.

zhupar03@mail.ru

*А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» тобының 3-курс студенті
Астана, Қазақстан*

Ғылыми жетекшісі: Райнбекова Г.С.

Аңдатпа. Мақалада жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы мен ондағы ерекшеліктер, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөлініп, заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру туралы баяндалған. Республикамыз білім сапасын арттыру бойынша болашаққа биік мақсаттар қойды. Осы мақсатқа жету үшін елімізге мамандар даярлау сапасын дамыған елдердің деңгейіне дейін көтеру қажет. Білім берудің мақсаты – шығармашылық қызметкерлерді даярлау, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымының сапасын арттыру екендігі жайында мақалада баяндалды.

Аннотация. В статье описывается этап перехода к обновленному содержанию образования и его особенности, акцентируя внимание на обучении учащихся широкому кругу умений, повышении их функциональной грамотности, развитии общечеловеческих ценностей, повышении профессионального мастерства педагога в процессе перехода к использованию современных технологий. Наша республика поставила перед собой высокие цели на будущее по повышению качества образования. Для достижения этой цели необходимо поднять качество подготовки специалистов в нашей стране до уровня развитых стран. Целью